

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-нің 2026 жыл 02 наурыз
№ 4 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді

Қатысқандар-28

Кеңес төрайымы: С.С.Баймагамбетова

Хатшы: М.С.Абдигазиева

Күн тәртібінде:

1. № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-нің өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы (С.С.Баймагамбетова).

Тыңдалды:

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы меңгеруші м.а. С.С.Баймагамбетова Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа ала отырып, бөбекжай-балабақша қызметіне өзін-өзі бағалау бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

1. № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды негізге алып жұмыстар жүргізілсін.
2. № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2026 жылдың 02-26 наурыз аралығы болып бекітілсін.
3. № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігін анықталсын.
5. № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмысы кезінде комиссия мүшелеріне бағалау өлшемшарттарына сәйкес зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып берілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы

С.С.Баймагамбетова

Хатшы:

М.С.Абдигазиева

